

ӨЖ 21

Б.Қ.Рақымжанов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Шәкәрім Құдайбердіұлының дін жайындағы ой-толғамдары**

Мақалада қазақ ойшылы Шәкәрім Құдайбердіевтің дінге және діни мәселелерге қатысты пікірлері мен көзқарастары қарастырылды. Автор әлемдік діндер туралы пікірлерді талдап, ойшылдың жалпы түсінігіндегі діннің мәнін қарастырды. Сонымен қатар ойшылдың философиялық жүйесін талқылау арқылы автор қазіргі әлемдегі діннің кейбір жағдайларына өзінің ерекше назарын аударды. Шәкәрімнің философиялық шығармашылығындағы шынайы сенім мәселесі қарастырылды.

*Кілтті сөздер:* Шәкәрім Құдайбердіев, дін, діншілдер, пәншіл, пәншілдер, ой-толғам, дүниетаным, молдалар, білім, ақыл, сана.

Шәкәрім дүниетанымында «дін» және «діншілер» деген қос ұғым қатар қолданылады. Дін мен діншілерді бір деп қарау Шәкәрім дүниетанымын түсінбестік болар еді. Діншілер — бұл, Шәкәрім дүниетанымында, шығармашылығында ерекше сынға ұшырайтын ұғымдардың бірі. Ал дінді ойшылдың «діншіл» ұғымынан бөлек түсінгені аңғарылады. Шәкәрім «діншіл» ұғымымен қатар өз өлеңдерінде «пәншіл» ұғымын да қатар қолданып, бұларға сыни көзқараста болған. Мақаламыздың басты мақсаты Шәкәрімнің осы дін және діншілер жайындағы көзқарастарын талдау болып саналады. Шәкәрімнің пәншілдер туралы айтқан өлеңдерінің бәрінде діншілдер туралы дәл сол пәншілдерді сынағандай сыни көзқараста болғандығын аңғарамыз. Ол үшін Шәкәрім өлеңдеріндегі мына сөз тіркестеріне назар аударсақ жеткілікті: «Молдалардан дін сұрасаң, сандырақтар, сандалар», «Адасып діншіл азғанын, сынауға бұрдым бас», «Пәнші нанды бес сезімге, дінші адасты жолынан», «Пән жамылған әлімдер, дін жамылған зәлімдер» т.б. Бірақ Шәкәрім қолданған осы бірнеше сөз тіркестеріне қарап ол дінге қарсы болған немесе дінді қабыл алмаған деген пікірге баруға болмайды. Шәкәрімнің дінді өте терең мағынасында түсінген ойшылдардың бірі екендігіне дау жоқ. Шәкәрім тек бұрыс кеткен діншілдер мен діндерді ғана сынға алады. Олар, ойшылдың ойынша, өз жолдарынан адасқан болып саналады. «Дінші адасты жолынан», — деп тұр емес пе. Яғни, бар айтпақ ойы — діннің өз жолы бар, бірақ діншілер сол жолдан адасқан. Соны сынауға бұрдым бас дейді. Міне, Шәкәрімнің дін жайындағы көзқарастары туралы сөз қозғағанда осы мәселелер төңірегінен алшақ кетпеген жөн. Сонымен қатар Шәкәрім айтып отырған «дін жамылған зәлімдер» кімдер, оған да назар аударған жөн. «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар», — дейді Шәкәрім. Бұған қарап Шәкәрім жалпы дінді терістеп отыр деп ойламау керек. Ол белгілі бір кезеңдегі тарап отырған діннің нашар екендігін ғана айтып отыр. Яғни бұдан сол діндерге қарап Шәкәрімнің оларға айтар өз ойының бар екендігін ұғынуға болады.

*Бұл кездегі діндердің бәрі — нашар,  
Ешбірі түзу емес, көңіл ашар.  
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,  
Тексерсең ойың түгіл жаның сасар.  
Әлемдегі діндердің түп мақсұты  
Үш нәрседі бұлжымай құшақтасар:  
Құдай — бар, ұждан — дұрыс, қиямет — шын,  
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар [1].*

Шәкәрім кез келген діннің негізгі іргетасын құраушы, дінгегі осы үш нәрсе, бұдан асып кетер діннің мақсұты жоқ дейді. Әрі барлық діндердің мақсұты осы үш негізгі түсінікте бірігеді. Олай болса, Шәкәрімнің ойынша, дін жаратушының бар екенін мойындап, істеген ісіне қарай не бір сауап немесе жазаның болатынын қаперде ұстап, ұжданға сай өмір сүру дейді. Бұдан асып кететін ешбір дін жоқ. Шәкәрімнің ойынша, осы үш дінгекті негіз етуі тиіс дін атаулы адамдарды адамшылыққа жеткізудің орнына бір-бірімен дау сабасып, тартысқа түсіп, қоғамда адамдарды қиянатқа баруға итермелеп отыр.

*Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,  
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.  
Інжіл, құран — бәрі айтып тұрса дағы,  
Мағынасынан адасып қара басар.  
Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,  
Дін десе білімділер тұра қашар.  
Ешбір дін үйтіп дұспан бол демейді,  
Қанекей бұл сөзіме кім таласар [1; 70].*

Шәкәрімнің дін жайында айтар ойы айқын. Ол ешбір дін қиянат жаса, дұшпан бол демейді деп отыр. Ендеше, кінә дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сөйтіп есіл дін бұзылады дейді. Яғни кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр. «Құран сырын түсінбей бұрса дағы, жасырылмай жарқырап тұр керемет. Жаман тәпсір жайылып жер бетіне, дін десе тұра қашты есті азамат», — дейді Шәкәрім. Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Дін мен діншілер туралы Шәкәрімнің пікірі осындай.

Дінің тәуіліне жетуге ең керегі Шәкәрім үшін ол — таза ақыл. Таза ақыл — бұл адамның жанының қасиеті. Ол жан жаратылғанда оған қасиет ретінде берілгенін қайтадан еске саламыз. Таза ақылды жан тән үшін жұмсап жібермей, ол одан азат болса, өзгермелі дүниенің сырын танып, оның мәңгіліктің алдындағы өлшемін жасайды. Сөйтіп таза ақыл түп иесіне өзі әкеледі. Шәкәрімнің ойы осы астарлас екені аңғарылады. Таза ақыл жанның қасиеті ретінде берілген дедік. Бұл турасында Шәкәрім «Жер жаралмай тұрғанында, менде Асықтың нұры бар! Жан денеме кіргенінде, бірге кірген осы дерт», — дейді [1; 244]. Жанның қасиеті таза ақыл былғанбаса, сол түпкі иесін табуда дамылдамайды. Бұл таза ақылдың қасиеті жанмен бірге кірген деп тұр Шәкәрім. Бірақ таза ақылды адамдар әдетіне, дініне байлап беріп, қор қылып, жауды жар деп адасады.

*Таза ақылмен таппаған дін,  
Шын дін емес — жындылық.  
Қармалаған бір соқырсың,  
Өлген ой мен көз, құлақ [1; 269].*

Таза ақылдың таппасы жоқ деп байлам жасаған ойшылдың бұл жайындағы ойы өте терең. Ол әлі де болса зерттеуді талап етеді.

*Дін тазасын діннен ізде,  
Дін шатағын сынға сал.  
Анық айна өзіңізде,  
Айда ақылды қаттырақ [1; 274].*

«Діннің тазасын діннен ізде, ақылды қаттырақ айда» дегенде тағы да таза ақылға мойынұсын деп отыр. Сонымен, Шәкәрім сынға алған діншілерге жетпей жататыны да нұқтасыз сау ақыл, таза ақыл екен. Енді жоғарыдағы барлық діндерге негіз болған, олардың барлығы тоқайласатын үш дінгекке қайтып оралсақ.

Ол үш дінгеке, Шәкәрім айтып өткендей, құдай — бар, ұждан — дұрыс, қиямет — шын деуде. Осы құдай бар деп оған мойынұсынуды Алла тағалаға иман келтіру дейді. Енді осы иман турасындағы Шәкәрімнің ой-толғамдарына назар аударсақ, иманның мағынасы туралы ол өзінің «Мұсылмандық шарты» деп аталатын еңбегінде: «Иман деген Алла тағаланың барлығына, бірлігіне, басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ақылмен нанбақ», — дейді [2]. Иман турасында Шәкәрім өте көп ой-толғамдар қалдырған. Иманның адамдағы шынайы көрінісін Шәкәрім қиянатсыздық арқылы өлшейді. Оның ойынша, қиянатты болу имансыздықты білдіреді. «Қиянатың бар болса, иманың жоқ. Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат», — дейді. Немесе тағы бір өлеңінде: «Тәңір жолы — ақ жүрек, Сайтан деген — қиянат», — деп қиянат жасауды сайтанмен теңейді. Шәкәрім осы «қиянат» ұғымы арқылы сайтанды ұғындырып отыр. Сайтанды бір көріністерден іздемей-ақ осы қиянатшыл адамдардан-ақ көруге болады. «Ешкімге зиян тигізбей, сайтанға беттен

сүйгізбей, ғаріптің көңілін күйгізбей, жүрегінді нұрмен жу», — дегенде де ойшыл адамға зиян келтіруді сайтанға беттен сүйгізумен теңеп отыр емес пе. Сондықтан Шәкәрім осы сайтанға айналмау үшін адамға қиянатсыздық — иман керек деп отыр. Имансыз адам — қиянатшыл сайтан. Діннің де негізгі мақсаты — осы қиянатсыз болуға шақыру. Бұл қандай дін болмасын негізгі шарт болып саналмақ.

*... Мейлі, кімге шоқынсын,  
Шын іздесе тәңірісін.  
Қиянатты жау деп білсін,  
Онан тиып нәпсісін», —*

дейді дін туралы өлеңінде [3].

Сонымен, қиянатты жау деп білу шынайы имандылықтың белгісі болып саналмақ. Қиянатсыздық Шәкәрім үшін — адамшылықты құрайтын адамның ең басты қасиеті. Қиянатсыздық — адамшылық өлшемі. Адамға білімнен де қажет нәрсе — осы қиянатсыздық.

*Адамның ең асылы —  
Қиянатсыз ақ бейіл.  
Ең зиянкес жасығы —  
Тайғақ мінез екі тіл.  
Сөз, мінезі құбылса,  
Ар, иманы жоқ деп біл.  
Аулақта жемтік сыпырса,  
Оны ойыңмен айуан қыл [1; 93].*

Екі жүзді болу, екі түрлі сөйлеу, пара алу — бұның барлығы имансыздықтың кесірі, қиянатты болудың көрінісі деп отыр. Ең асыл адам қиянатсыз деп Шәкәрім тағы да ой түйіп өтеді. Осыдан келіп Шәкәрімнің діні тілдегі дін емес, таза hareketтегі дін екенін аңғарамыз. Имандылыққа тек тілмен ғана жету емес, дұрыс амалмен, hareketпен жету. Қиянатқа бастаған діншілдерді Шәкәрім зұлымдықтың бастаушысы деп таныған.

Шәкәрімнің дүниетанымындағы иман турасындағы ой-толғамдарды зерделей отырып, біз оның иманға байланысты «шатақ иман» және «шын иман» ұғымдарын қолданғанын аңғардық. Жоғарыда иман дегеннің мағынасы жаратушының бар екеніне, бір екеніне мойынұсынуда екенін айтып өттік. Ендеше, сол иман қалай шатақ және шын деп бөлінеді? Бұл жерде Шәкәрім аталмыш ұғымдарды шартты түрде қолданғанын түсіну қажет. Олай болмаса иман ол әрқашанда мағынасы біреу-ақ. Шәкәрім осы Аллаға иман келтіргендердің оны түсінуіне қарай иманды «шатақ иман», «шын иман» деп шартты түрде қараған. Шын иман дегеннің не екеніне келсек, Шәкәрім шын иманға Алла тағалаға таза жүрекпен иман келтіруді айтқан. Бұнда сөзден гөрі, ішкі жан дүниеңмен сезіну басым. Сырт тазалығынан гөрі, іш тазалығына аса зейін қою. «Құран ұстап тұзақ құрма, Інжіл ұстап қақпан қылма, адам аулама», — дейді. Кез келген діншіл қиянатты болса, «жүрегі болса тайғақ саз, сопысынып қылма наз», — деп алдымен жүрек тазалығын қылу керек дейді Шәкәрім. Ішкі тазалық, жан дүниеңмен сезіну, шынайы қиянатсыз болу бұл шын иманға тән. Ал шатақ иман ол сыртқы шарттарды орындап, оның ішке енбей қалуы. Бір қағидаға қатып қалу, ауызбен мұсылман болу, сыртын түзеп аласұру. Мұсылмандық жолдағы көптеген молдаларды сынға алғанда олардың иманын шатақ иман деп, Шәкәрім осы тұрғыдан сынға алған.

*Жүрегі қатып мұз болған,  
Майда тілі біз болған.  
Қызтеке еді қыз болған  
Бейне алдамшы сопылар.  
Бар ма маған бір сын деп,  
Ұстағаным не дін деп,  
Ойламайды кіммін деп,  
Жүрегінде тоты бар.  
Қанша жарық нұр құйсам,  
Хақиқаттан сыр құйсам,  
Нәпсі деген оты бар [3; 145].*

Шатақ имандылар туралы Шәкәрімнің ойы осындай. Иманның шын мәнін түсінбей, құр иман келтірдік деп сыртқы шарттарды орындап, бірақ ішкі тазалыққа жете алмаған, жүрек тотынан тазара алмаған, жүрегін дерттен сауықтыра алмаған діншілдердікі, Шәкәрімнің ойынша, шатақ иман болып саналады. Оның «молдеке» деп кекесін танытып үнемі айтып отыратын молдекесі, Шәкәрімнің пайымдауынша, осы шатақ иманның иесі. Шын иманның мәнісі жүректі дерттен емдеу, дінді мақтан үшін немесе жақсы көріну үшін емес, адамшылық үшін тұтқан адамдардікі шын иман болып саналады. Осы екі ұғымды айра білген адам Шәкәрімнің дін және діншілдер турасындағы көзқарастарына жан-жақты, терең көз жеткізе алады. Мұны білген дұрыс.

*Тәңірін іздеп бір мұңғыл*

*Тас суретке шоқынса,*

*Өлсе де, болып соған құл,*

*Иманын бұзбай отырса.*

*Атақ, пайда іздемей,*

*Ойында мақтан жоқ болса,*

*Қиянатты көздемей,*

*Қанағатқа тоқ болса.*

*Молдеке, оған таңданба,*

*Сол кіреді бейіске,*

*Екі жүзді сандалма*

*Сен қаласың кейісте, —*

дейді Шәкәрім [1; 263].

Оның ойынша, әлгі мұңғылдікі шын иман. Мәселе оның қайда шоқынғанында емес, яғни сыртқы әрекетінде емес, ішкі жан дүниесіндегі тазалықта деп отыр. Бейіске сол кіредінің мәні осында жатса керек. «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», — деген халықтық түсінікті еске түсірсек, молдалардың дін жамылып пайда тауып жүргендігі өмір шындығынан алынған ақиқаттың бір көрінісі емес пе. Дін жамылған зәлімдер деп Шәкәрім осы шатақ иманды тұтып, дінді пайдаланушыларды атаса керек. Оларды ойшыл зәлімдер деп атаған.

*Құдайың мен дүниеге*

*Кезекпе-кезек шоқынсаң,*

*Инедей пайда ти ме*

*Мешітте мың жыл отырсаң?*

*Кімде болса шын мінез,*

*Болмас онда екі сөз,*

*Өлтірсе де көзбе-көз,*

*Иманын сатып, алмас бөз.*

*Иман да сол, дін де сол —*

*Адаспайтын айқын жол,*

*Күнде, мейлің ыза бол,*

*Бейіске анық кіреді ол.*

*Мысал емес ындыным,*

*Әлгі мұңғыл — әулие,*

*Иманын сатқан жындының*

*Іздегені – дүние [1; 263, 264].*

Адам неге иманын тез дүниеге айырбастай салады? Себебі иман оның ішіне енбеген, сыртында жүрген, ауызында ғана жүрген. Ал иман ішіне енсе, адам ол иманын өлтірсе де сатпайды. Өйткені ол сол ішкі жан дүниесіндегі байлығын, қасиетін бәрінен де жоғары санап, оны арзан іс-әрекеттерге оңай айырбастай салмаса керек. Шәкәрімнің түсінігі осындай.

Иман ең алдымен адамды қиянатсыздыққа әкеледі. Имансыз берілген білімнің өзі адамға жау болып шығуы мүмкін. Абай атамның балаға алдымен мұсылманша хат танырлықтай ғана білім беру керек дегенінің астарында баланы алдымен мұсылман қыл, содан кейін білім үйрет деген ой жатса керек. Әл-Фарабидей ғұламаның философияны үйренбестен бұрын имандылыққа, адамшылыққа үйрену керек деген қағидасының да астарында осыған үндес ой жатқан жоқ емес пе. Тәрбиесіз берілген білім адамға жау дегенде әл-Фараби бабамыз адамшылық ғылымы туралы айтып отыр емес пе. Имансыз адам қиянатшыл, оны Шәкәрім зәлім деп атаған дедік. Шәкәрім имансыз берілген білімнің қауіпті екенін де айтып өтеді.

*Шын залымға берме ғылым,  
Ол алар да оқ қылар.  
Қаруым дер, кісі атып жер,  
Ол ғылымды айла етер.  
Қарғысына сен қаларсың,  
Елді алдап ол алар.  
Ақылы жоқ, малы көптің  
Бірталайын еңіретер, —*

деген Шәкәрім бабамыз қоғамдағы білімді залымдардың қайдан шығатынын осылай меззейді [3; 115]. Біліммен ғана адам тазара алмайтынын осылай ұқтырады. Шын иманның адамға не үшін керектігінің астарында ол Алла тағала үшін емес, ең алдымен адам үшін қажет екендігі жатса керек. Шәкәрімнің «адам өзін таныса құдайын танымақ» дегенінің мәні осында болса керек.

Шәкәрімнің иманға байланысты ой-толғамдарын оқи отырып, онда «жаңа иман», «ескі иман» деген ұғымдардың да кездесетіндігін айта кету керек. Шәкәрім: «Ескі иманымды отқа өртедім», — дейді.

*Сопыларға біздің Жар бір қараса,  
Жарық нұрмен жүрегін араласа,  
Жанын жан, ескі иманын иман демей,  
Байқұстар қалар еді-ау таң-тамаша [1; 26].*

Осындағы ескі иманын иман демей дегенді қалай түсінеміз? Оның себебі адам баласы жаратушыны бір күнде тани алмайды, ол сол жолда ғұмыр бойы болып, көріп-білгендігін, тазаруына байланысты оның жаратушының құдіретін аңғару деңгейі өзгере түспек. Сол кезде адам бұрынғы деңгейінде қалып қоймай, ол тереңдей түседі. Оның енді бұрынғы иманынан өзгереді, басқаша сезіну деңгейіндегі иманы қалыптасады. Алдыңғы сол адам тастап отырған деңгейін Шәкәрім ескі иман деп отыр. Ал жаңару, жаңаша байыптай түскенін жаңа деп отыр. Бұл адам кемелдігінің өзгеру сатысын аңғартса керек. Өлгі ескі иман арттағылар үшін жаңа иман болып қала беруі әбден мүмкін ғой. Алдыңғы адам тазару мен кемелдікте алға жылжып иманын толықтырса керек. Шәкәрімнің бұны ескі және жаңа деп бөліп қарауының мәні осында болса керек.

Дін жайында жазғанда Шәкәрімнің «Пайғамбар Мұса жолықса...» деп басталатын өлеңіне назар аудармай кету мүмкін емес. Шәкәрім әлемдегі діндерден өте сауатты болған. Ол осы өлеңінде әлемдегі діндер турасындағы өз ойларын білдірген.

*Пайғамбар Мұса жолықса,  
Сөйлесіп көңілім орнықса:  
«Адасты Жебірей, — дер едім, —  
Тауратты қайта толықта!»  
Дәуітті көрсем, ән салып,  
Қуанар едім қарсы алып:  
«Ақында қалды иманың,  
Тағы үйрет, — дер ем, — бір барып» [1; 233].*

Шәкәрімнің дін жайында өз пікірі бар. Ол іште жүрген пікірін сол діндердің көсемдеріне жайып салғысы келеді. «Сөйлесіп көңілім орнықса», — деп ойшыл иудаизм дінінің тозығы жете бастағанын, ал Дәуіт пайғамбар өсиеті ұмытыла бастағандығын айтып өтеді.

*Зардуштке айтсам кезі кеп:  
«Үйреттің ақыл нұр ғой деп.  
Ұға алмай отқа шоқынып,  
Бұзылды елің богын жеп», —*

деп зороастризм дінін ұстанушылардың да түп негізінен адаса бастағандығын Шәкәрім жақсы түсінген [1; 233]. Ал буддизм діні туралы оның пікірі төмендегідей:

*Будданың ұстап білегін,  
Айырылмай бірге жүремін:  
«Жәдігой, бақсы, ламаға,  
Шоқынды елің, білемін», — [1; 233].*

Шәкәрім «айырылмай бірге жүремін» деп Буддаға іш тартады. Оның себебі жанның ажалсыздығы туралы мәселені зерттегенде брахманизмнен бастап буддизмге дейінгі үнді діндеріндегі жанның өмірден соңғы өмірі туралы пікірлерімен жақсы таныс болғандығында жатса керек. Бұл турасында ойшыл «Үш анық» шығармасында да айтып өтетіні есімізде. Ол осы жанның ажалсыздығы туралы мәселеде үндідегі рухани ілімдерден дәйек тапса керек. Бұдан Шәкәрім буддист болған деген пікір тұмауы қажет. Оның тек буддизмнің қағидаларына оң көзімен қарап отырғаны аңғарылады.

*Айсаны көрсем егер мен:  
«Ен, — дер едім, — қайта сен.  
Сені құдай деді де,  
Айрылды халқың дінінен» [1; 233].*

Христиандардың бар болғаны жартылай адам, жартылай құдай деп танитын пайғамбары Исаны, жаратушының сүйген құлы, жаратылған пендесі ғана саналатын пайғамбарларын құдай деп тануын, Шәкәрім оң көріп отырған жоқ. Олар діннен айырылды деп отыр. Себебі діннің өзі барлық адамзат баласының, он сегіз мың ғаламды жаратушы иеге деген құлшылық қылуы болып табылса, христиандардың бар болғаны адамға сиынуы діннен айырылу емей немене. Шәкәрім ислам жайына келгенде,

*Мұхамметті көре алсам,  
Сөз айтып, жауап бере алсам:  
«Адасты молда, — дер едім, —  
Құранды үйрет келе алсаң», —*

деп, құрандағы ақиқатты дұрыс таныта алмай жүргенімізді айтып, тағы да шатақ имандағы молдалар жайын сөз қылады [1; 234]. Шәкәрім Мұхамметке ерекше құрметпен қарап, оны өте жоғары дәрежеде бағалаған. «Сөз айтып, жауап бере алсам» дегенде ойшыл Мұхамметке ерекше құрмет танытатынын аңғартады. Бұл оның исламға деген көзқарасын аңғартса керек.

Шәкәрім жоғарыдағы діндердің қазіргі замандағы жеткен жағдайын көрсету арқылы «Бұл күнде дұрыс иман жоқ» деген қорытындыға келеді. Оның бар себебі денеге жанды жеңгізіп иесін таба аламағандықтан дейді. Затшылдық көзін байлайды, жан билемей, тән билеудің арқасында адамдар адасып, дін бұзылады дейді.

Шәкәрім діндегі ең негізгі тіректің бірі — ұждан дұрыс деп айту дедік. Ол таза болуды, арлы болуды үнемі еске салып, бұны діннің негізі деп санаған.

*Қояр ем мылжыңдамай сөзімді ұқса,  
Қайтемін оны ұға алмай діннен шықса.  
Азды ұқсаң, бұл сөзімді анықтап ұқ,  
Иеңдей болам деме, Иең ұқса.  
Тәңірің — таза, болып бақ сен де кірсіз,  
Әлің келсе, менен қаш, Иең — мінсіз.  
Бұл Құдайдай боламын деген емес,  
Сөзімнің түбін ұқпай деме дінсіз, —*

деген ойшыл, дінсіз емеспін, сөзімнің түбін ұқ деп отыр [1; 213]. Ең алдымен таза бол, қиянатсыз бол дейді. Оның бұл пікірлері пайғамбарымыздың «Адам баласына тілімен, не болмаса іс-әрекетімен зәредей зиянын тигізбеген адам, нағыз мұсылман деп айтуға лайық» деген хадисін еске түсіреді. Шәкәрімнің де айтар ойы осы нағыз мұсылмандықтың мәйегі деп айтар едік. Ол «Үш анықта» «адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылмандық жолы сияқты», — деп ойын қорытындылағанын ұмытпасақ керек [4].

Шәкәрімнің имандылық турасындағы ой-толғамдары осындай. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғамда дін мәселесіне байланысты көптеген ушығып тұрған жағдайлар бар. Дін таратушылар жік-жікке бөлініп, дін жарыстырып, дау сабасып, іштей күрес жүргізуде. Солардың ең қауіптісі уаххабизм болып тұр. Бұл Абдулуаххаб деген адамның атымен пайда болған ислам әлеміндегі ең ықпалды көзқарас ұстанушылардың жолы. Абдулуаххаб ислам әлемінде «жаңалыққа қарысы» деген атауға ие болған. Яғни бұның мағынасы пайғамбар заманында бар нәрселерді, дәстүрлерді дұрыс деп санап, оны қай заманда да сол күйінде ұстану болып саналады. Уаххабистер — жаңалыққа қарсы жол

ұстанушылар. Қазіргі қазақтың дәстүрлі мәдениетінің тамырына балта шауып, өлі риза болмай, тірі байымас деген ұлттық түсінігімізге кереғар, әруақтарды теріске шығару, қазақ қоғамындағы осы уаххабистердің негізгі миссияларының бірі болып саналады. Сөйтіп, ұлттық мәдениетті терістеп, арабтандыруды іске асыру. Шәкәрімнің «Қазақтың шыққан түбі батыр түрік, арабсың» деген сөздің түбі — шірік. Бәленше сахабаның үмбетті деп, ел бұзып жүр осында өңкей жүлік», — деп өз заманындағы уаххабистерге қаратып айтқан *жүлік* деген сөзі бар.

Пайғамбарымыз ешқашан өлілерді құрметтемеңдер демеген. Ол бір хадисінде: «Табыт көрсендер, орындарыңнан тұрыңдар, бұл сендердің болашақтарың туралы ескертеді», — дейді. Әруақтарды еске алудың ешқандай дінге зияны жоқ, керісінше, адамдардың өлім туралы ойланып, тәубесіне келуіне жол ашпайды ма. Уаххабистердің пікірінше, адамдар пайғамбар заманындағы өмір салтын жоймау керек. Киім киісі, тұтынуы барлығы да сол заманға сай болуы керек.

Қазір ғылым мен техниканың дамыған заманы. Адам баласы Алла тағала берген қабілеттерінің арқасында көптеген мүмкіндіктерге қол жеткізді. Соның бірі — медицина. Уаххабистерге салсақ, басың ауырса, дәрі ішудің өзі Аллаға күмән келтіргенмен бірдей. Олар үшін жай ғана дәрі ішудің өзі теріс. Ал дәл осы жағдай турасында Шәкәрім өзінің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде төмендегідей ой айтады. «Не болса Алланың пәрменімен болады... Бірақ оқып-білген дәрігерлерге емдетпек сауап, обал емес. Пайғамбарымыздың хадисі: «Ей, Алланың құлдары, ауруларыңызды емдетіңіз, Алла тағала дауасыз ешбір науқас жаратқан жоқ. Жалғыз кәрілік, ажалдан басқа», — деген. Бірақ дәрігер де анық жазады демейсің. Алла тағаладан шипасын кез қылар ма екен деп үміт қыласың. Пайғамбарымыз көзіне сүрме жағушы еді, көзім тозбасын деп. Анда-саңда дәрі ішіп жүруші еді. Анда-саңда қарттықпенен қан алдырушы еді. Ішім тоқталды деген кісіге бал ішіп, ішінді өткіз деуші еді. Оқыған дәрігерлік жаман емес екенін осыдан біл, бірақ бұл айтқанымыз біздің бақсы құшынаш емес, сонан жақсы ұғыңыз», — дейді Шәкәрім [2; 673,674].

Міне, осылайша жаңалықты пайдалау керектігін Шәкәрім теріске шығармаған. Ал әруақтарды терістеуге келсек, пайғамбар заманында адамдардың қабіріне аса назар аударылмағаны ол заман онсызда пұтқа табынушы мысыр перғауындарының қысымынан қуғын көріп, жалғыз Аллаға ғана құлшылық етуді жаппай қолға алған кез екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан уақытша қабірге зиярат етуге тыйым салынса керек. Өйткені санадағы пұтқа табынушылықты толық шығарып тастауға бұл қажет еді. Кейін пайғамбар әркімнің ата-бабаларының басына тәуіп етіп, белгі қоюға тыйым салмағандығы туралы деректер де жеткілікті.

Сонымен дін мәселесін бірезулікке салынбай, оны дұрыс түсіну — ең басты сау ақылдың міндеті. Ең негізгісі — адамның жүрегін тазарту, жүректі дерттен емдеу, қиянатсыз болу керектігінде. Әйтпесе Шәкәрім айтқан «шатақ иманға» түсіп кету қауіпті. Шәкәрімнің дін турасындағы ой-толғамдары бізге бұл мәселені тереңірек түсінуге көмектесіп, шынайы имандылыққа жол ашады. Оның бар құндылығы да осында.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Шәкәрім*. Иманым. — Алматы: Арыс, 2000.
- 2 *Құдайбердіұлы Ш.* Мұсылмандық шарты // Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы, 2006.
- 3 *Құдайбердіев Ш.* Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. — Алматы, 1988. — 264-б.
- 4 *Құдайбердіұлы Ш.* Үш анық // Әлем альманахы. — Алматы, 1991. — 44-б.

Б.Қ.Рақымжанов

## Шәкәрім Құдайбердіұлының дін жайындағы ой-толғамдары

В статье рассматривается отношение к религии и религиозным проблемам казахского мыслителя Шакарима Кудайбердиева. Автор анализирует мнение мыслителя о мировых религиях и о сути религии в целом в миропонимании. Также через обсуждение философской системы писателем автор обращает внимание на некоторые положения религии в современном мире. Обсуждается мнение об истинной вере в философском творчестве Шакарима.

B.K.Rakhymzhanov

## Thoughts of Shakarim Kudaiberdiuly about religion

Opinion and relation to religion and religious problems of kazakh scholar Shakarym Kudaiberdiev is considered in the article which is named «View of Shakarym Kudaiberdiev regarding to religion». Opinion about world religions and about essence of religion in general in scholar's world outlook is analyzed by author. Also the author pays attention to some positions of religion in modern world through discussion of scholar's philosophical system. Opinion about veritable belief is discussed in philosophical creative work's Shakarym.

ӘОЖ 346.22:338.242

Д.К.Құсбеков

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## Нарықтық экономикадағы мемлекеттің әлеуметтік қызметі және рөлі

Мақалада әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік даму, әлеуметтік жүйе және нарықтық экономикалық қатынастарды реформалау жағдайындағы әлеуметтік саясаттың ролі сияқты әлеуметтік, философиялық, саяси категориялар қарастырылды. Автор мемлекеттік әлеуметтік саясат компоненттеріне, сонымен қатар олардың қазіргі заманғы қазақстандық қоғамдағы жүзеге асырылуы мәселесіне ерекше назар аударды. Реформалаудың міндетті объектісі ретінде автор халықтың әлеуметтік деңгейін есептейді, себебі экономикалық өсімнің көрсеткіші ретінде халықтың игілігі жатады. Автордың мәлімдеуінше, қоғамның реформалануы құқық категориясын тереңінен қарастыру керектігін меззейді.

*Кілтті сөздер:* Қазақстан Республикасы, мемлекет, экономика, нарықтық экономика, реформалау, саясат, әлеумет, әлеуметтік саясат, тауар, халық.

Қазақстан Республикасын реформалаудың мақсаттарының бірі — мемлекеттік саясатты әлеуметтендіру арқылы әлеуметтік мемлекет құру.

Қандайда мемлекет болмасын, ең бірінші қоғамның әлеуметтік жағдайын жақсартуға тырысады. Ал ол өз алдына мемлекеттің әлеуметтік саясатын бағдарлауды талап етеді. Тауар өндіретін қоғам бірінші кезекте нені, қалай және кім үшін өндіру керек деген проблеманы алға қояды.

Мемлекеттік әлеуметтік саясаттың қызметі өндірілген тауарларды қоғам ішінде әр түрлі деңгейдегі топтар арасында бөлу және қайта бөлу дегенді білдіреді. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі өмір сүру шарты қоғамдағы жағдайы нашар топтарды әлеуметтік қамтамасыз ету үшін, халықтық табыстың белгілі бір бөлігін бөле алатын нарықтық экономикалық дамудың жоғарғы деңгейі болып табылады. Сондықтан мемлекеттің әлеуметтік саясаты дегеніміз — азаматтар арасында табыстың белгілі бір бөлігін мүмкіндігінше тең етіп бөлуге жағдай жасау, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономикалық қатынастарды реттеп отыру.

Осы орайда философияға, саясаттануға және әлеуметтануға қатысты «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік даму», «әлеуметтік қатынастар» т.б. категориялар қолданылып жүр.

Ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік мемлекет», «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік даму», «әлеуметтік қатынастар» т.б. түсініктер толығымен қарастырылмаған. Осы категориялардың мәнін